www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

№10 /sársenbi/ 13 naýryz 2024 ж.

## ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕЙТІН ЖАҢА 37 ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салу мәселесі қаралды.

Премьер-Министр атап өткендей, республиканың көптеген өңірлерінде әлі күнге дейін коммуналдық қалдықтарды ұтымды жинау мен шығаруға және оларды сұрыптап, қайта өңдеуге жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Оңды-солды рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері пайда болуда. Оларды жою мәселелері уақтылы шешілмейді.

«Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, дамыған елдер тұрмыстық қалдықтарды қайтадан өңдеп, барынша кәдеге жаратуда. Ал, бізде қарапайым сөзбен айтқанда, жиналған қоқысты жерге көме салу, тіпті болмаса таудай қылып үйіп қою үйреншікті жағдайға айналды. Бұл нормаларға сай келмейді», – деді Олжас Бектенов.

Премьер-Министрдің айтуынша, тамақ қалдықтарын кәдеге жарату мен қайта өңдеу мәселелері де шешімін таппай отыр. Осыған байланысты қалдықтарды жинаудан бастап, қайта өңдеуге дейін кәдеге жаратудың тиісті тетіктерін әзірлеу қажет.

«Министрлік пен өңірлер бұл жұмысты созбалаңға салып жіберді. Кәсіпорындардың көпшілігі қайталама шикізатты жинаумен, оны буып-түйіп, шетелге сатумен ғана айналысады. Ал, қалдықтарды қайта өңдеп, түпкілікті өнім шығарып отырғандар аз», – деді Үкімет басшысы.

Премьер-Министр мысал ретінде Солтүстік Қазақстан облысындағы «Радуга» компаниясы полиэтилен мен қағаз қалдықтарын қайта өңдеп, халық тұтынатын әр түрлі тауарлар өндіріп отырғанын айтты. Шымкентте «Еврокристалл» компаниясы шыныны қайта өңдеп, ыдыс-аяқ шығарады.

Алматы облысында «KZ recycling» компаниясы макулатурадан қағаз өнімдерін шығарады. Ал Қызылорда облысында әрбір аудан қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты өз жобаларын іске асыруда.

Бұл ретте Үкімет басшысы Атырау, Ақтөбе және Абай облыстары көптен бері қалдықтарды сұрыптау желісін іске қоса алмай отырғанын атап өтті.

Олжас Бектенов жалпы, бүкіл әлемде қоқысты қайта өңдеу табысты бизнес болып отырғанын, Қазақстан да бұл бағытта замана көшінен қалмауға тиіс екенін атап өтті.

«Осындай жобаларды іске асыру кезінде кәсіпорындарды экономикалық жағынан ынталандырудың тиімді тетіктері енгізілуі қажет. Оның үстіне, коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу мен сұрыптау жобалары 15 жылға 3% жеңілдікті мөлшерлемемен неркәсіпті дамыту қоры арқылы қаржыландырылатын болады», – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы сондай-ақ қалдықтар жинау, тасымалдау және қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін Эко Қолдау төлем бағдарламасының тетігі қайта іске қосылғанын айтты.

Үкімет басшысы қалдықтарды қайта өңдеу саласына инвесторлар тартудың қосымша тетіктерін әзірлеуді, тиісті инфрақұрылымдық жобалары бойынша өтінімдерді жеделдетіп қарау шараларын қабылдауды және толық пайдалануға берілгенге дейін әрбір жобаны сүйемелдеуді қамтамасыз етуді тапсырды. Премьер-Министр осы салада басталған барлық жобаларды іске қосу жұмыстарын жеделдетуді тапсырды.



## ОЛЖАС БЕКТЕНОВ БАРЛЫҚ ИНВЕСТОРЛАРҒА ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектенов барлық инвесторларға үндеу жолдады. Ол өз мәлімдемесін Үкімет отырысында айтты.

ҚР Үкіметі отандық және шетелдік бизнеспен өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға мүдделі.

Қазақстан тұрақты түрде ұзақ мерзімді инвестициялар ағыны үшін барынша қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылуда.

Үкімет Қазақстанда заманауи жоғары құнды өндіріс орындарын ашуға, технологияның дамуын ілгерілетуге және инновациялық кәсіпорындар құруға бағытталған әрбір ірі инвестициялық жобаға қолдау көрсетуге кепілдік береді.

Инвесторларға инфрақұрылымдық, консультативтік қолдау және өнімдерін өткізуге көмек көрсетіледі.

«Сіздер мемлекеттік және құқық қорғау органдары тарапынан ешқандай қысым көрмейсіздер. Оған ешқандай күмән болмасын. Керісінше, Үкімет сіздерге сенімді әрі ашық әріптес болады».

**Primeminister.kz**

## БӨГЕН СУ ҚОЙМАСЫ: АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

Бөген су қоймасының жарылып кету қаупі бар. Әлеуметтік желіде желдей есіп, Түркістан өңірі тұрғындарын мазасыздандырған бұл ақпарат шындыққа жанаса ма? Облыс әкімдігі алаңдауға негіз жоқ деп артынша мәлімдеме жасады. Дей тұрғанмен, «жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» демекші мән-жайды су қомасының басына барып, мамандармен тілдесіп қайтты.

1967 жылы қолданысқа берілген Бөген су қоймасының сыйымдылығы 370 млн текше метрге арналған. Жалпы суармалы жер көлемі 67 мың гектар. Құйылмалы және ескі арналы сулар мен "Бөген" және "Арыс" өзендерінен толтырылады. 10 наурыздағы жағдай бойынша Бөген су қоймасында 349,1 млн.м3 су жиналып, өткен жылмен салыстырғанда 14 млн.м3-қа (2023 ж. 363,1 млн.м3) кем. Қазіргі таңда, су қоймаға 45,6 м3/сек су келіп, 15 м3/сек су босатылуда. Бүгінде 350 млн метр куб су жиналыпты. Яғни, су кемеріне келіп, толса да, жағаны бұзып кететіндей апатты жағдай жоқ дейді «Тұран Су» МКК қарасты «Бөген» су қоймасының инженер-гидротехнигі Ермекбай Сәтенов. Ал, қоғамда резонанс тудырған ақпаратқа қатысты:



- Кешегі фотосессиядағы жағдай бізге 2020 жылы келген болатын. Бұл бойынша сол жылдары зерттеу, зерделеу жұмыстары жүргізіліп, ешбір кемшілік анықталған жоқ. Сорланған жер жоқ деп жауап бергенбіз. Ал арага 3-4 жыл салып бұл мәселе қайта көтеріліп отыр. Көтеріліп отырған спутниктегі фототүсірілім біз тұрған жерді көрсетеді. "Осы жерлерді бұзып кету қаупі бар, неге қарамай жатсыңдар?" —дейді. Ал шынын айтқанда ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ деп, сеніммен айта аламын. Шайып кетеді деген жерді 2020 жылы басқа мәселе аясында көтерген болатынбыз. Мысалы, қазір судың жетіспеушілігі барлық жақта сезіліп отыр. Өйткені 1967 жылы қойма пайдалануға берілген кезде 54 мың гектар жерге арналған еді. Ал қазіргі таңда 67 мың гектар жер су ішеді. Әрине, судың тапшылығы сезіледі. Сол үшін осы жағалауды жолға дейін алатын болсақ қосымша көлдің жағасынан 17 млн текше метр суды ұлғайтуға болады екен. Осылай 17 млн текше метр суды ұлғайтамыз ба деген жоспарымыз бар. Осы мәселе бойынша 2020 жылы облыстағы басқармаларға ұсыныстармен шыққанбыз. Бюджеттің тапшылығынан шығар, ол жағынан әлі хабар жоқ,-деді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына қарасты су қойма 2022 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, оның барысында 2000 м3 қойтас төселді. Нысан апатты жағдайлардың алдын алу үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген, оның ішінде 700 м3 қойтас, 50 м3 құм, 100 м3 қиыршық тас, 10 тонна цемент және 1000 қап бар. Мамандар жалпы су қоймадағы жағдайдың тұрақты екенін айтып сендірді. Сондай-ақ, ұзындығы 5,4 шақырымдық Бөген және 3,2 км алып жатқан Қаражантақ бөгетінің қауіпті екенін растап, дей тұрғанмен қазір ол жерде мәселе жоқ деп мәлімдеді.

- Біріншіден, ешқандай елді мекенге қауіп жоқ. Тап мына біз тұрған жерде тасып кету деген мүмкін емес нәрсе. Өйткені, жолға дейінгі жер көлден 10 метр биік. Осы жерді бұзып кететін болса қауіп болуы мүмкін. Дегенмен басқа жерлерді бұзған күнде де ешқандай қауіп жоқ. Ал жаңағы екі бөгет бетондалған, оның ремонты жыл сайын жүріп жатыр. Ал енді бізде 2021-2022 жылдары аралығында облыстық ауыл шаруашылық басқармасы тарапынан көпсалалы тексеру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ деген қорытынды алдық. Бірақ, сонда да біз қарап отырған жоқпыз. Бөген су қоймасының ішін жөндеуден өткізіп жатырмыз. 2022 жылы 750 метр жерге 1100 м3 бетон құйып, жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Сондықтан бұл жерлерге қауіп төніп тұрған жоқ, -деді, Ермекбай Сәтенов.

Ордабасы ауданының тұрғындарын бір күнде алаңдатып қойған мәселе бойынша аталған ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаты Дулат Әбіш барып, көзбен көріп, істің барысымен танысты.

- 10 наурыз күні Ордабасы ауданындағы Бөген су қоймасының тасу қаупі бар деген ақпарат тарады. Өзім депутат болып сайланған Ордабасы ауданындағы Бөген су қоймасына келіп, міне, бүгін хал-жағдайымен танысып жатырмын. Су қоймасының әлі де суды молайтуға мүмкіндігі бар. Бұл су қоймасы 370 млн текше метрге дейін есептелген. Яғни судың деңгейі көтерілген күннің өзінде де 50 см ғана көтеріледі екен, -деді Дулат Әбіш.

Жағдайды бақылау мақсатында 2024 жылдың 17 ақпанында „Арал-Сырдария“ бассейндік инспекциясы, „Тұран су“ ШЖҚ МКК және аудандық төтенше жағдай мамандарымен зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт түзілді. Су қоймада жағдай тұрақты. Бұдан бөлек, бассейндік инспекция ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті бекітуі үшін Бөген су қоймасының су ресурстарын пайдалану тәртібін келісу қажеттігі туралы әкімдікке хат жолдады», – делінген ақпаратта.

Сондай-ақ, әкімдік су қоймаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленіп жатқандығын жеткізді. Аталған жобаға мемлекеттік сараптама қорытындысы да биылғы маусым айында беріледі деп күтілуде.

Сонымен қатар су қойманың беріктігін арттыру мақсатында 2022 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі уақытта қоймадағы су авариялық жағдайлардың алдын алу бойынша тиісті құралдармен қамтамасыз етілген.

Қазіргі уақытта Бөген су қоймасының пайдалану режимі әзірленіп, Арал-Сырдария бассейндік инспекциясына келісуге жіберілді.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

## 2024 ЖЫЛЫ 11 ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл Алматы қаласында, Маңғыстау, Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл, Қызылорда және Павлодар облыстарында 11 жаңа қосымша білім беру орталығын ашу жоспарлануда. Бұл ұйымдардың ашылуы оқушыларға қосымша білім беруге және олардың таланттары мен қарым-қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

«Министрлік балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру бойынша кешенді жұмыс жүргізуде. ткен жылы ғана елімізде 9 қосымша білім беру орталығы ашылды. Биыл олардың саны тағы 11-ге артады. Жалпы 2027 жылға дейін 100 қосымша білім беру орталығын іске қосу жоспарда бар», - деп атап өтті Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Меруерт Медетбекова.

Айта кетейік, биыл балаларды қосымша біліммен қамтуды 85%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Елімізде барлығы 1625 мектептен тыс ұйым жұмыс істейді және әртүрлі бағыттар бойынша үйірмелердің 380 түрі ұсынылады. Оның ішінде ғылыми-техникалық, музыкалық, көркемдік-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық және басқа да үйірмелер бар.

**Астана.**

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛОГОТИПІ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Дүниежүзілік байқауда Қазақстанның логотипі үздіктер қатарында. ҚР СИМ Техникалық бақылау және метрология комитетінің Ұлттық аккредиттеу орталығы ұсынған логотип 2024 жылғы Дүниежүзілік аккредиттеу күніне орай постерлер байқауында екінші орынға ие лайық деп табылды. Барлық қатысушы елдер арасында ILAC және IAF аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдар бұл байқауды жыл сайын өткізеді.

ҰАО Қазақстан Республикасы атынан алғашқы рет байқауға қатысып отыр. Логотиптің мағыналық мазмұны аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдардың сипаттамасында берілген, біздің елден белгінің тұжырымдамасы мен мазмұнын ҰАО Халықаралық ынтымақтастық департаменті ұсынды. Графикалық көріністі қызметкеріміздің қызы, кәсіби дизайнер Элина Рзаева жасап шыққан еді.

IAF және ILAC (JWGC) коммуникация жөніндегі біріккен жұмыс тобының ҰАО-ға жолдаған хабарламасындағы алғыс хат пен құттықтауда ресми байқауға 98 өтінім түскені айтылды. Соның ішінде екінші орынды иеленіп отырмыз.




JWGC-ге жолдаған жауап хатында ҰАО басшылығы атынан аккредиттеу жөніндегі ұлттық органның жоғары бағасы мен дүниежүзілік байқау жеңімпаздарының қатарында болу мәртебесі үшін ризашылығы, осы жеңіспен құттықтаған алғысы білдірілген.

Жыл сайын 9 маусымда атап өтілетін Дүниежүзілік аккредиттеу күнінің логотипі бірінші орын алған эскиз болады. Алайда, алғаш рет қатысып отырып, 2-і орынды иелену біздің еліміздің әлемдік сапаны бағалау жүйесінің интеграцияланған қатысушысы ретінде үлкен әлеуетін және оның жоғары шығармашылық мүмкіндігін көрсетеді.

## ЕЛІМІЗДЕ БІРЫҢҒАЙ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ САРАПТАМАСЫ ЕНГІЗІЛДІ



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықтың қолайлы өмір сүру ортасын құру мақсатында қала құрылысы сараптамасы институты заңнамалық деңгейде енгізілді, деп хабарлайды ҚР неркәсіп және құрылыс министрлігі.

Жаңадан әзірленген және түзетілген қала құрылысы жобалары (бас жоспарлар, ЕТЖЖ және құрылыс салу жобалары) кешенді қала құрылысы сараптамасынан, оның ішінде мемлекеттік сараптамада жоғары тұрған қала құрылысы жобасының жобалық шешімдеріне сәйкестігіне өтетін болады.

«Егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу кезінде кварталдар мен шағын аудандарды көгалдандыру үшін ең аз аландар қамтамасыз етілетінін ескере отырып, градэкспетизация тетігі мемлекеттік нормативтерге сәйкестікті қамтамасыз етеді», — деді неркәсіп және құрылыс вице-министрі Азамат Бейспеков ҚР Үкіметінің отырысында.

Бұған дейін бас жоспарлар (халқы 100 мың адамнан аз) жергілікті атқарушы орган — әкімдік арқылы кешенді сараптамадан өткен, ірі қалалар үшін сараптама орталық мемлекеттік орган деңгейінде жүргізілген болатын. Процесс жұмыс уақытының жоғалуына, ақпаратты беру мен өңдеудің төмен жылдамдығына, шешімдердің уақтылы қабылданбауына, қағаз шығындарына әкелді. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс жобаларын әкімдіктер сараптама жүргізбей қабылдады.

2024 жылғы қаңтардан бастап барлық жаңадан әзірленген және түзетілген қала құрылысы жобалары (бас жоспарлар, ПДП және құрылыс салу жобалары) «бір терезе» қағидаты бойынша «Мемсараптама» РМК-да кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтетін болады.

Сондай-ақ қала жобаларын әзірлеу кезінде қоғамдық талқылаулар жүргізудің бірыңғай тетігі енгізілді. Заңсыз құрылыстың жолын кесу мақсатында сәулет органдарының шығуы жолымен салынып жатқан (құрылысқа жоспарланған) объектілерге мониторинг жүргізу тетігі күшейтілді. Бұзушылықтар анықталған кезде сәулет органдары шаралар қабылдау үшін ГАСК органдарына ақпарат жібереді.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## ҚАЗАҚЫ ТАЗЫЛАРДЫҢ КӨРМЕСІ ӨТТІ

Ақтөбедегі көрмеге 100-ге тарта тазы қатыстырылды. Тазы баптаушылар өңірдің түкпір-түкпірінен келді, деп хабарлайды Ақтөбе облысының әкімдігі.

Былтыр Мемлекет басшысы Президент іс басқармасына тазы мен төбетті қорғау мәселесін қолға алуды тапсырған болатын. Президент тапсырмасын орындау аясында Ақтөбедегі ипподромда қазақы тазылардың көрмесі өтті. Ақтөбе облыстық «Құмай тазы» федерациясының вице-президенті Жасұлан Жақсылықовтың айтуынша, қазақы тазыларды сақтап қалу үшін бірқатар шара өткізіліп келеді.

«Былтыр күзде аңшылармен бірігіп, «Салбурын» ұйымдастырдық. Жалпы, республика бойынша Ақтөбе өңірі тазы баптау жағынан алдыңғы қатарда. Тазы ұстаушылар мен тазылардың саны көбейіп келеді», — дейді Жасұлан Жақсылықов. Көрмеге Астана, Алматы қалаларынан арнайы кинология саласынан сарапшылар шақырылған. Мамандар тазылардың дене бітімін, аяқ сүйектерін, тісін, тырнағын байқап, қандарының тазалығына назар аударды. Барлық талапқа сай келгендері арнайы құжатқа ие болды. Құжат тазылардың FCI Халықаралық кинология федерациясының тіркеу кітабына енуінен бөлек, халықаралық иттер көрмесіне қатысуына мүмкіндік береді. Көрмеге қатысқан 80 иттің 50-і «жақсы» деген баға алды.

«Көрмеге қатысқан тазылардың бәрін сарапшылар жоғары бағалады. Біздің клуб қазақы тазы тұқымын халықаралық деңгейде танытуды көздейді»,– дейді кинологиялық клуб жетекшісі Роза Доленко.

**Ақтөбе.**

## ОҚУШЫ ҚЫЗ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ХОШ ИІСІ БАР ӘТІР ОЙЛАП ТАПТЫ

Ақмола облысы Ақкөл ауданындағы Кеңес ауылының 5-сынып оқушысы Альбина Айдарханова ұстазымен бірге қазақ даласының хош иісі сақталған әтір шығарды.

Мектеп оқушысының айтуынша, оны ерекше хош иіс жасауға Сұлтан Бейбарыс туралы аңыздағы «Жусанда туған жердің иісі бар» деген қанатты сөз шабыттандырған.

«Осындай сөзді естігеннен кейін, туған жердің иісі бар әтірді жасап шығаргым келді. Бұл иісті шығаруда мен ежелгі шығу тегімізді зерделедім» , - дейді Альбина Айдарханова.

Оқушы өз жұмысында табиғи ингредиенттерді пайдаланған. Парфюмерия жасаудағы негізгі өнім - туған өлкенің қасиетті жұпарына айналған қарапайым жусан.

«Біз үй жағдайында әтір жасау тәсілдерін зерттедік. Алған білімдерімізді практикада қолдану барысында жусанның сан түрін анықтадық. Егер әтірдің негізгі нотасы ретінде гүлдер қолданылса, біз оның орнына қарапайым жусанды таңдадық. Себебі оның тұнбасы тәбетті жақсартады, асқазан-ішек жолдарының қызметін нығайтады, жүйке жүйесін тыныштандырады, түрлі шаншу мен құрысуларды, ауырсынуды басады, тіпті тыныш ұйқыға септігін тигізеді», — дейді жоба жетекшісі, бастауыш сынып мұғалімі Жұпар Ахметова.

Айта кетейік, бұл хош иіс «Елім-ай» деп аталады. Жас өнертапқыштың айтуынша, әтірдің атауы еліміздің мәдениетіне деген сүйіспеншілікпен байланысты. Бесінші сынып оқушысы жақында өткен ғылыми жобалар байқауында өз жұмысын қорғап, «Химия, биология» секциясында жүлделі 3 орынды иеленді.

**Ақмола.**

## ЖАСӨСПІРІМДЕР РОБОТОТЕХНИКАДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТ КУБОГЫН ЖЕҢІП АЛДЫ

Әлемнің 25 елінен жиналған кіл мықтылар арасында қазақстандықтар бірінші орынға шығып және бірден екі номинация бойынша жүлде иеленді. Олар РФММ, Білім-инновация және Алматы қаласындағы М. Базарбаев атындағы №138 гимназияның оқушылары.



Робототехникадан әлем чемпионаты Кипр Республикасының Никосия қаласында өтті. Біздің елдің намысын Sana Team командасының құрамында Әділ Тұрсынғали, Арнар Дәулетқұл, Осман Ақылбек, Алдияр Дәулетұлы, Дарын Смайл, Аббас Пахридин, Асылхан Ыбырай, Ілияс Аширалин, Булат Айзерек, Сабыржан Жанайым, Күнгожина Ғазиза и Шолпан Аманкелді қорғады. Үш күнге созылған жарыстың қорытындысы бойынша қазақстандық оқушылар I орынға ие болып, «Winning Alliance» басты ойын жүлдесін, сондай-ақ шығармашылық ойлау арқылы инженерлік кедергілерді жою бойынша Think Award жоғары төрешілік марапатын иеленді.

«Біздің робот турнирде рекорд орнатты. Осы үш күнде біз әртүрлі елдердің қатысушыларымен өте құнды мәдени және кәсіби тәжірибе алмастық. Осындай мүмкіндіктер үшін біз бірінші кезекте еліміздің президентіне, сондай-ақ Алматы қаласының білім басқармасы мен «Алматы Дарыны» орталығына алғыс айтқымыз келеді», - деді оқушылар.

Естеріңізге сала кетейік, Sana Team командасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен Ustem Foundation Қоғамдық қоры ұйымдастырған Daryn first Championship өңірлік чемпионаты барысында Кипрге жолдама алды.

## АЙМАҚ БАСШЫСЫ ТҮРІК ИНВЕСТОРЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Түркиядан келген инвесторлар — «E.C.A SEREL» компаниялар тобының өкілдерімен кездесті. Келіссөздер барысында тараптар Түркістандағы «Turan» арнайы экономикалық аймағында зауыт ашу мәселесін талқылады. Бірегей жоба Мемлекет басшысының түркітілдес елдерді біріктіретін арнайы экономикалық аймақ құру туралы тапсырмасы аясында жүзеге асуда.

Жылыту қазандықтары мен керамика және сантехника өнімдерін шығаратын компаниялар тобына 19 компания кіреді. Оның ішінде 14 зауыт жұмыс істейді. 3,5 мыңнан астам азамат қызмет етеді. Компания басшылығының айтуынша, құрылтайшылар табысының тең жартысын қайырымдылыққа, қалған жартысын инвестицияға жұмсайды.

— Түркия мен Түркістанды ежелгі тарихи тамырлар мен рухани көзқарастар байланыстырады. Түркия — еліміздің маңызды, стратегиялық және сенімді серіктесі. Түркістанды дамытудағы қазақ-түрік ынтымақтастығының маңыздылығы баршаға белгілі. Біздің басым бағыттарымыздың бірі — өндіріс және жұмыс орындарын ашу. Бұл ретте Түркі мемлекеттерінен де инвестиция тартудың маңызы зор. Осы бағытта барлық мүмкіндікті қарастырып, мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін сеніммен айтқым келеді. Алда тағы да ірі жобаларды қолға алуға атсалысамыз, — деді Дархан Сатыбалды.

1951 жылы құрылған ірі компанияның құрылтайшылары — Елгинкан әулеті. Компания қазандықтардың түр-түрін шығарады. Қабырғаға орнатылатын әрі сыйымдылығы жоғары қазандық түрлерінен басқа, оны жылыту және коммерциялық салқындату ерітінділерінің құрылғыларын, сифондар өндіру мен сатуды жүзеге асырады. Тауарлары әлемнің барлық елдеріне экспортталады.

Бүкіл әлем бойынша Түркия экономикасын көтеруге қосқан үлесі үшін «Superbrands Turkey 2012» сыйлығымен марапатталған.

Айта кетейік, Түркістан облысында түрік инвестициясының қатысуымен 50-ден астам инвестициялық жоба жүзеге асқан.



## ҚАЛА ӘКІМІ БИЗНЕС ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің жергілікті бизнес қауымдастығы өкілдерімен өткен арнайы кездесуінде кәсіпкерлікті дамытуда көрсетілетін қолдау шаралары баяндалып, мегаполисті өркендетуге қатысты ұсыныстар талқыланды.

Қала басшысы сыйақы ставкаларын субсидиялау мақсатында жергілікті бюджеттен 2 млрд теңгеден астам қаржы қаралғанын жеткізді. Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан бизнес өкілдеріне барлық қолдау көрсетіліп отырғанына тоқталып, салықты уақтылы және толық төлеу қажеттігін ескертті. Сондай-ақ қаламызда көлеңкелі экономикамен күресті күшейту қажеттігін, осы мақсатта бөлшек салық мөлшерін 4 пайыздан 2 пайызға төмендетілгенін, жеңілдікпен 90 мыңнан астам кәсіпкер қамтылатынын атап өтті.

Біз өз тарапымыздан жалақысы төмен бюджеттік қызметкерлерді анықтап, өткен жылы 15 мың қызметкерге жергілікті бюджеттен 22 мың теңге қосымша үстемақы тағайындадық. Биыл үстемақы мөлшерін 50 мың теңгеге дейін ұлғайтып, ең төменгі жалақы көлемін 140 мың теңгеге жеткіздік. Бұл мақсаттарға жергілікті бюджеттен 10 млрд теңгеге жуық қаржы бағытталды. Құрметті кәсіпкерлер! Бұл бастамаға қолдау көрсетіп, халықтың әл-ауқатын көтеруге Сіздер де үлес қосады деген сенімдемін. Жалпы, ниеті таза, қаламызға, халқымызға жанашыр кәсіпкерлермен біз қашан да жұмыс істеуге дайынбыз — деді қала әкімі.

Сондай-ақ Ғабит Әбдімәжитұлы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне тоқталып, «Шымкент — қайырымды қала» корпоративтік қорының жұмыс істеу форматы түбегейлі өзгеретінін атап өтті. з кезегінде Кәсіпкерлер палатасының директоры С.Қ.Адамбекова бөлшек салық мөлшерінің төмендетілуі бүгінде 364 қызмет түрін қамтып отырғанын, бұл қолдау кәсіпкерлерге жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп, қаражат айналымын арттыратынын айта келе, бизнес қауымдастығы тарапынан аталған қорға қолдау көрсетілетінін баяндады.

## ЕСКЕК ЕСУ КАНАЛЫНДА ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды спорт кешендері бар ескек есу каналына барып, құрылыс барысын қадағалады. Бүгінде маңызды жобаның II кезеңі жүзеге асырылып жатыр. Нысан құрылысы жалпы III кезеңге жоспарланған.

ңір басшысы мердігерге жұмысты сапалы атқаруды тапсырды.

Аталған каналдың құрылысы толық аяқталса, Орталық Азиядағы үздік спорт кешендердің бірі болмақ. Мұнда ескек есу спортынан жарыстар өткізіп, туризмді дамытуға мүмкіндік тумақ. Бүгінде эллинг кешенінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Елімізде баламасы жоқ нысан шаһардың сәулеттік көркін келтірумен қоса, туризмді дамытып, өңірде қолайлы микроклимат қалыптастыруға сеп болмақ. Халықаралық дәрежедегі ескек есу және байдарка спорты бойынша олимпиадалық стандартқа сай орталық 100 гектарға жуық алаңда орналасқан. Каналдың ұзындығы — 2222 м. Ені 260 м, тереңдігі 4 м. Су сыйымдылығы — 2 млн. м3.

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АРҚЫЛЫ САЛЫНЫП ЖАТҚАН МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫН ҚАДАҒАЛАДЫ

Түркістан облысында үш жылда 100-ге жуық мектеп салынады. Оның ішінде 63 білім нысаны «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы арқылы бой көтереді. Биыл осы жоба аясында 29 мектеп ел игілігіне беріледі деп жоспарланған.

Бүгін облыс әкімі Дархан Сатыбалды Түркістан қаласында осы жоба аясында салынып жатқан екінші білім ұясының құрылыс алаңында болды. Бүгінде мұнда жұмыс өте қарқынды.

Тапсырыс беруші — «Samruk-Kazyna Construction» АҚ. Авторлық қадағалау міндетін «Астанатехстройэксперт» ЖШС атқарса, техникалық қадағалауды «СКД» ЖШС жүргізуде. Мердігер мекеме «Yda» ЖШС жұмысты бастап кеткен. Білім ұясы биыл тапсырылады деп күтіліп отыр.

— «Жайлы мектеп» — аса маңызды жоба. Президентіміздің тікелей бақылауында тұр. Құрылысты талапқа сай етіп жүргізу — міндет. Осы білім ұялары арқылы елімізде мектеп тапшылығын жойып қана қоймай, білім сапасын көтеру көзделіп отыр, — деді Дархан Сатыбалды.

Айта кетейік, Түркістан облысы «Жайлы мектеп» жобасын жүзеге асыру бойынша республикада көш басында келеді. Облыс әкімінің тапсырмасымен арнайы штаб құрылып, үйлестіру жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

Жергілікті әкімдік инженерлік желілерді мектептердің жер учаскесіне тарту бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысын да алып қойған. Мектептерді салуда және жабдықтауда отандық кәсіпорындардың құрылыс материалдары мен жиһаздары қолданылады.

## ТҮРКІСТАН ЖАҢА ҒИМАРАТПЕН ТОЛЫҒАДЫ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Түркістан қаласында салынып жатқан кезекті ғимараттың құрылыс барысымен танысты. Мердігер компания басшымен кездесіп, тапсырмалар жүктеді. Құрылысты кестеге сәйкес аяқтауды міндеттеп, сапаға басты назар аударуды ескертті.

— Құрылысқа отандық, жергілікті материалдарды қолдану маңызды. Осы жағына мән беріңіздер. Екіншіден, құрылыстағы жобалар қымбат емес, сапалы әрі үнемді болуы тиіс, — деді Дархан Сатыбалды.

Бұл ғимаратта Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті орналасады.

Мердігер мекеме — «Ернур Строй и К» ЖШС. Тапсырыс беруші — Түркістан облысының құрылыс басқармасы. Жаңа ғимараттың құрылысы 2023 жылы басталған. Биыл пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бүгінде құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. 2023 жылғы лимиті. Қазіргі таңда құрылыс-монтаждау жұмыстары 10%-ға аяқталған. Нысанға 46 адам, 9 техника тартылған.

Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

## ШЫМКЕНТТЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК БАҒЫТТАРЫ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛДЫ

Жүргізілген зерделеу жұмыстары нәтижесінде тұрғындардың сұранысына сәйкес, тұрақты №61, №143 және №180 бағыттарына 1 наурыздан бастап өзгерістер енгізілді.

Жолаушылардың өтініші бойынша № 61 бағыт Нұршуақ тұрғын алабы аумағынан №6 емханаға дейін ұзартылды. Бағыттағы автобустар жолаушыларды №136 мектепке де тасымалдайды.

Ал, №143 автобус маршруты ұзақтан қатынайтын жұмысшылардың өтініші бойынша «Жұлдыз» индустриялды аймағына дейін ұзартылды. Сонымен қатар, №180 автобустар бағыты Көкбұлақ тұрғын алабының ішкі бөлігіне дейін созылды. Жалпы, тұрақты № 171, № 171 «А» бағыттарына қосымша кестелер қосылып, № 66 және № 67 бағыттарына ақпан айынан бастап өзгерістер енгізілген болатын.

## КӨКТЕМГІ НАУҚАНДА 1 МЫҢҒА ЖУЫҚ АЗАМАТ ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ШАҚЫРЫЛАДЫ

Мегаполис басшысы аудан әкімдеріне қала тазалығы бойынша тиісті тапсырмалар беріп, Наурыз мерекесіне дайындық барысын пысықтады. Сондай-ақ көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқанына дайындық туралы баяндалды.

Шымкент қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы Әбдіғабит Шегебаевтың айтуынша, 2023 жылы 1856 азамат мерзімді әскери қызметке шақырылып, жоспар 104% орындалған. Ал көктемгі науқанда 948 азаматты әскер қатарына шақыру көзделуде.

Мәжіліс барысында қалалық Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының м.у.а Талғат Мекамбаев атқарылған жұмыстар мен жоспарларын бөлісті.

Оның сөзінше, өткен жылы қалада ауыл шаруашылық саласына 16 млрд теңгеге инвестиция тартылып, жалпы өнім көлемі (80,1 мың тонна) 52,4 млрд теңгені құрады. Бүгінде мегаполис аумағында 15,2 мың тонна өнім жиналатын 139 гектар жылыжай кешендері орналасқан. Биыл бұл салада 14 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Шымкент қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Нұрасыл Тулеев баяндама оқыды.

Нұрасыл Айдарханұлының мәліметінше, өткен жылы жеке және заңды тұлғалардың 4109 өтініші қаралып, қанағаттандырылған.

# ҰШҚЫШТЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕРЛІГІ

***30 жылдан астам уақыт көк аспанда қалықтаған Бексейітов Көпжасар Залмаханбетұлы әуеде көлік басқарудың хас шебері. Өз тағдырын авиация саласымен байланыстырған бірінші дәрежелі ұшқыш дүниежүзін аралаған. Жолаушының өміріне жауапты болып ұшақты басқару екінің бірінің қолынан келмейтін ерлік. Жүректі азамат ұшқыштың қиындығы мен қызығы туралы шер тарқатты.***





- Ұшқыш болу менің бала кездегі арманым болатын. Тіпті сол арманым үшін әкем білім ұядағы ұстаздардан сөз естіген. Өйткені қиялға берілген мен парталарға ұшақтардың суретін салып, мектептің мүлкін бүлдіретінмін. Ақыры сол арманыма жеттім. Көк аспанда қалықтап жүріп дүниежүзін араладым. Тіпті соғыс болып жатқан шет мемлекеттерге өте жауапты жүктерді тасымалдап, үнсіз жасалған талай ерліктерге бардық. Мәселен, Шешенстан елінде бір кезеңдері болған соғыс кезінде Қазақстаннан гуманитарлық көмекті тасымалдап, өмірімізге қауіп төнсе де қиындықты еңсердік. Сол оқиғалар әлі де менің түсіме кіріп, кейде шошып оянам — деп өзінің өмірінде орын алған естеліктер мен ерліктерді еске алды.

Ардагер-ұшқыш Бексейітов Көпжасар Залмаханбетұлы 1954 жылдың 19-ақпаны күні дүниеге келген. Арыс қаласының тумасы авиация мамандығы бойынша білімін Санкт-Петербург қаласында жетілдірген. Шымкент әуежайында еңбек жолын бастап, ең алғаш АН-2 ұшағын бағындырған. Жолаушы және жүк тасымалдап, өте маңызды талай тапсырмаларды орындапты. Ғұмырында 11 750 сағат көк аспанда қалықтаған ұшқыштың арманым орындалған бақытты жанмын деп ой түйді.

- Ұшқышқа ұшудан қону қиын. Үкіметтің ең жауапты жүктерін шет елдерге тасымалдаған кездері жанымызды шүберекке түйіп отыратын едік. Аманатқа қиянат жасалмаса екен деген ой ғой. Егер өмірге қайта келіп, мамандық таңдау мүмкіндігі берілсе онда ойланбастан ұшқыш мамандығын таңдар едім. Көкте қалықтап ұшып жүріп төменге көз тастасаңыз биік-биік тауларды көресіз. Сол сәтті қандай ғажап сезім екенін білсеңіз ғой!.. Бала кезімде жиналған шөптің үстінде жатып аспанға қарап армандайтынмын. Төбеде ұшып жатқан ұшақтарды көріп көңілім көтерілетін, -дейді.

1973 жылдан бастап 2005 жылға дейін ұшақта отырған Көпжасар Бексейітов Азаматтық авиация ардагерлері кеңесінің мүшесі. Салмақты, сабырлы мінезі бар азамат атақ-абройға талпынбапты. Дегенмен қиын, жауапкершілігі мол азаматтық авиация саласында атқарған еңбегінің жемісін көріп жүр. Кезінде әуе кеңістігін бағындырған жан бүгінде бағбандықпен айналысады. «Әке көрген оқ жонар» деген осы болуы керек. Өйткені Көпжасар Залмаханбетұлының әкесі де жеміс-жидектерді өсіріп, күтіп-баптаудың хас шебері болған деседі. Қияр, қызанақ және түрлі жемістің ағашы, лимонды баптап жайқалтып жатыр. Мемлекетке қол жайып отырған жоқ, керісінше салық төлеп, отандық өнімді өсіруге үлес қосып отыр. Өмірлік серігі Сафура Қажығаппарқызы да күні бойы тыным таппайды. Бақтарындағы түрлі гүлдерге күтім жасайды. Маңдай терін төгіп, адал еңбектерінің жемісін көріп отырған отағасы мен отанасы ұл-қыздарын да еңбекқорлыққа баулыған.

Өмірі шытырманға толы ұшқыш ардагер биыл 70 жасты бағындырды! Ұзақ жыл авиация саласында еңбек етіп, жеке кәсіпті дөңгелетіп отырған Бексейітовтер "Мерейлі отбасы" байқауының жеңімпазы. 6 қыз 1 ұл тәрбиелеген Көпжасар Залмаханбетұлының ат ұстары әке жолын қуып, ұшқыш мамандығын игерген. Немеренің ортасында қызыққа тоймай жүрген үлгілі жанұяға бақыт тілейміз...

**Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ.**

## ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ SKILLS ENBEK ПЛАТФОРМАСЫНА ЖАҢА 44 ТЕГІН КУРС ҚОСЫЛДЫ

2024 жылдың басынан бастап ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен Skills Enbek платформасында қазақ және орыс тілдеріндегі тегін курстардың мазмұны кеңейтілді. Әр түрлі қызмет салалары мен дағдылары бойынша барлығы 44 жаңа курс қосылды.

Әр курстың ұзақтығы 36 сағаттан асады. Онлайн оқыту белгілі бір кәсіптік салада белгілі бір дағдыларды немесе қосымша құзыреттерді алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, құрылыс және өндіріс саласында «Жылу желілерінің жабдықтарына, құбырлары мен арматураларына қызмет көрсету және жөндеу», «Сумен жабдықтау және су бұру желілері мен құрылыстарын пайдалану», «Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары», «Дәнекерлеу өндірісінің негіздері», «Токарлық өңдеу негіздері» сияқты курстар қосылды.

Жеке қызметтер мен тамақтану бойынша қосымша курстар пайда болды: «Тігуді басынан бастап үйреніңіз!», «Қызмет көрсету саласындағы әкімші», «Шаштараз өнері», «Аспаз», «Наубайхана негіздері», «Кондитерлік шеберхана». «Мүгедектігі бар адамдарға күтім жасайтын қызметкер» курсы бар.

Сондай-ақ, «Тиімді коммуникациялар және командалық жұмыс», «Сыни ойлау негіздері», «Уақытты басқару және басымдық беру», «Дизайн ойлау», «Бизнес-процестерді басқару», «Бизнестегі коммуникация мәдениеті», «Agile принципі бойынша жобаларды басқару», «Маркетингтік талдау (консалтинг)», «Microsoft Office-пен жұмыс» және «Экологиялық ойлау дағдыларын қалыптастыру» сияқты әр мамандық үшін бірдей маңызды «икемді» дағдыларға бағытталған курстар бар.

Курстан өткенін растайтын сертификат Enbek.kz жұмысқа орналастыру порталында алынған барлық дағдыларды көрсете отырып, түйіндемеде автоматты түрде көрсетіледі.

Курстарда Google Play және App Store-дан жүктеп алуға болатын Enbek мобильді қосымшасында қол жетімді,

Естеріңізге сала кетейік, Skills Enbek платформасы — бұл Яндекс Қазақстан, Astana Hub, Courstore, Fluent Education және т.б. сияқты жетекші білім беру алаңдарымен интеграцияның арқасында курстардың үлкен таңдауы бар дайын орын.

Soyle.kz мемлекеттік тілді оқыту порталын құрған Мемлекеттік тіл қоры тағы бір серіктес болып табылады. Қазір Skills Enbek платформасында «Как выучить казахский язык с нуля» промо-курсы қолжетімді.

Бүгінгі күні осы платформада әртүрлі бағыттар бойынша барлығы 477 курс орналастырылған, оның ішінде 243-і тегін. Тіркелген пайдаланушылар саны 380 мың адамға жетті.

Платформада тіркелу және жұмыс істеуге қатысты барлық сұрақтар бойынша «ЕРДО» АҚ жауапты қызметкерлерімен байланысуды сұраймыз: 8 (7172) 95 43 17 (ішкі. 877, 878, 888).

**Елорда.**

## ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ҚАЛАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ МЕН АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН СЫНҒА АЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қалаларды абаттандыру және көгалдандыру шаралары қаралды.

неркәсіп және құрылыс вице-министрі Азамат Бейісбеков Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша дұрыс жүйеленген құрылысты енгізу және тартымды, жайлы қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру бойынша нұсқаулық болатын «Қалаларды кешенді салу стандарты» әзірленгенін айтты.

Ол қалалар аумағын егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында пайдалану үшін барлық жергілікті атқарушы органға жіберілді. Бұл ретте ауытқуларды болдырмау үшін 2024 жылғы қаңтардан бастап бірыңғай қала құрылысы сараптамасы енгізілді. Ол жоспарлау кезеңінде сәулет-құрылыс нормаларының бұзылуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қалаларды абаттандыру мақсатында Жол картасының үлгілік нысаны әзірленді. Ол да тиісті шараларды жоспарлау және қабылдау үшін әкімдіктерге жіберілді. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс жүріп жатыр.

Отырыс барысында Астана әкімі Жеңіс Қасымбек жаңа қоғамдық кеңістіктерді, оның ішінде саябақтар мен скверлерді, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров Ақтөбедегі «Батыс-2» шағын ауданында жүргізілген жұмыстар және тиісті жол картасын іске асыру жоспарлары туралы айтып берді.

Премьер-Министрдің айтуынша, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары қала тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсартумен қатар, туристік саланы дамытуға да ерекше серпін береді. Бұл ретте ол азаматтардың әлі де болса тротуарлар мен жарықтың жоқтығын, жасыл желектің аздығын айтып, жиі шағымданатынына тоқталды.

«Әкімдіктер тарапынан жүйелі жұмыстың болмауы — абаттандыру мен көгалдандырудың негізгі проблемасы. Ағаштар мен өсімдіктер отырғызылады, бірақ кейін ешқандай күтім жасалмайды. Көпшілік жиналатын қоғамдық орындар мен үй маңындағы аумақтардың ұсқынсыз жағдайы үлкен проблемаға айналған. Саябақтар мен скверлер көбінесе иесіз қалғандай күй кешеді. Оларды жыл сайын жаңартып отыру, көркейту жұмыстары жүргізілмейді. Кейде тіпті саябақтарда объектілер салу фактілері де кеседі», – деді Олжас Бектенов.

Оған қоса Үкімет басшысы халықтың осындай күнделікті мәселелерді шешуде үлкен белсенділік танытып отырғанын айтты. Мысалы, қоғам белсенділерінің арқасында елордада бірқатар жерде салынуы тиіс объектілердің орнына скверлер мен демалыс орындары пайда болды. Атап айтқанда, Нәжімеденов көшесінің бойындағы 18 қабатты гимараттың орнына сквер салу туралы шешім қабылданды. Мыңжылдық аллеясы Астанадағы жаңа тартымды орталыққа айналады.

«Әкімдік елордада демалуға арналған жайлы аймақтар құру, көгалдандырудың кешенді жүйесін іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыруы қажет. Бұл қаланың ірі тұрғын аудандарының "жаңа тынысын" ашуға мүмкіндік береді», – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысының айтуынша, осыған ұқсас жағдай Алматы қаласында да қалыптасып отыр. Мұнда қала тұрғындары үшін қолайлы орта жасау жұмыстары белсенді жүруде. Мысалы, Байсейітова көшесіндегі қараусыз қалған аумақ саябаққа айналды.

«Биыл әкімдік жаңадан 3 саябақты пайдалануға беріп, 3 саябақты күрделі жөндеуге тиіс. Тұрғындар орынсыз құрылыс салуға, қаланың тарихи аудандарында тығыз құрылыс жұмыстарын жүргізуге және ағаштарды кесуге табанды түрде қарсы шығып жатқаны мәлім. Қала тұрғындарының пікірін ескерген абзал», – деді Премьер-Министр.

Жалпы Үкімет басшысы мұндай мәселелердің елімізідің барлық қаласында жиі көтерілетінін айтты. Олжас Бектеновтің айтуынша, қала аумақтарын дамыту мен онда құрылыс салу бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылуы керек.

«Әкімдіктер қала орталығын ғана абаттандырумен шектелмей, шеткі аумақтарды да назардан тыс қалдырмауға тиіс. Кейбір скверлерге немесе қоғамдық орындарға "қамқорлық жасау" үшін бизнес пен ірі кәсіпорындарды тартуға болады. Шағын бизнес те іргелес жатқан аумақты күтіп-ұстауды жақсы дәстүрге айналдыруы керек», – деді Премьер-Министр.

Айтылғандарды ескере отырып, Олжас Бектенов өңірлер әкімдеріне тиісті Жол карталарының толық және сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Қалалардың өмір сүруге қолайлы әрі жайлы болуы маңызды. Шкімдіктер жол карталарымен шектеліп қалмай, туындаған проблемаларды шұғыл шешіп, халықтың пікіріне құлақ асқаны жөн», – деді ол.

**Preminister.kz**

# Оразашының

## ЕКІ ҚУАНЫШЫ БАР

***Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын!***

Барлық мақтау мен мадақ Әлемдердің Раббысы Алла Тағалаға болсын! Жыл бойы күткен қасиетті Рамазан айына жеткенімізге жаратқан Иемізге сансыз шүкірлік етеміз.

Рамазан — араб сөзі, түбірі «рамзау» — «өте ыстық» деген мағынаны білдіреді. Ғұламалар мұны: «Рамазан айында ораза ұстаған пенденің бойына біткен кішігірім күнә-кемшіліктері күйіп кетеді», — деп түсіндіреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) ораза туралы өз хадистерінің бірінде: «Кім Рамазан оразасын иман және сауап үмітімен ұстаса, оның өткен күнәлары кешіріледі», — дейді. Сондықтан Рамазан айы күнәлар кешірілетін ай деп айтуымызға толық негіз бар.

Рамазан - барша мұсылмандардың сағына күтетін қасиетті Құран Кәрім аяттары түсе бастаған мүбәрак ай. Бұл ай барша адамзат баласына рахметті ала келеді. Осы айда ораза тұту парыз етілді. Рамазан айының фазилаты жайында Құран аяттары мен пайғамбарымыз Мұхаммед саллаллаһу алайһи уассалламның хадистері бар.

Құран Кәрімде: «Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін ораза ұстау сендерге де парыз етілді» делінсе, тағы бір аятта: «Сендердің араларыңда кімде кім рамазан айының туғанын көрсе, сол күні ораза ұстасын. Сырқат немесе жолаушыларға ораза айында ұстай алмаған күндерін басқа күндері ұстасын » (Бақара сүресі, 183-185 аяттар) делінген.

Рамазан - айлардың сұлтаны. Бұл айда барша мұсылман бір ай бойы ораза тұтады. Яғни, таң сәресінен күн батқанша ішіп-жеуден, жыныстық қатынасқа барудан, түрлі жаманшылық атаулыдан өзін пәк ұстап, күнә істерді тоқтатады.

Ораза ұстаған адам Құдайға жақын болады. Сабырлық, мейірімділік, қанағатшылдық сияқты қасиеттерге бой ұсынады.

Бұл айдың кереметтері жөнінде пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с): «Кімде кім ораза тұтса және Алла разылығы үшін шын ықыласпен мақтанбай тарауих намазын оқыса, Алла тағала оның тіршіліктегі күнәларын кешіреді және не тілеген болса тілектері қайтарылмайды» деген.

<u>“Ораза” сөзінің мағынасы</u>

Араб тілінде оразаны (әс-соум) деп атайды. “Ораза” сөзі тіл саласында “бір іс немесе сөзден тыйылу” деген ұғымды білдіреді.

“Ораза” сөзінің шариғи мағынасына келер болсақ, ол: құлшылық ниетімен таң атқаннан күн батқанға дейін ішіп-жеуден және жыныстық қатынастан тыйылу.

<u>Оразаның негізгі шарттары:</u>

а) Әуелі рамазан айының оразасын тұтуға ниет етіледі; Ниеті: «Ниет еттім қасиетті Рамазан айында ораза тұтуға, Алла Тағала қабыл етсін, Әмин!» делінеді.

ә) Таң сәресінен күн батқанша оразаны бұзатын нәрселерден сақтану.

<u>Рамазан айының айырықша белгілері:</u>

а) Рамазан айында тозақтың есігі жабылып, жәннаттың қақпалары ашылады;

ә) Бұл айда ораза ұстау — пенденің өткен күнәларының кешірілуіне себепші болады;

б) Аллаһ тағала оразашының барлық ізгі ниеті мен тілегін қайтармайды.

<u>Оразаның пайдасы:</u>

в) Ораза ұстаушы Құдайшыл болады. Яғни Алла Тағаланы таниды;

г) зін қиыншылықтарға төзуге және шыдамды болуға үйретеді;

д) Аш-жалаңаш жүрген бейшараның көрген күнін бірге тартады;

е) Өзіндегі шайтанның жолын тарылтады;

ж) Оразаның денсаулыққа пайдасы мол.

### ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗБАЙДЫ?

- Ұмытып ішіп-жеу оразаны бұзбайды. Бірақ ұмытқан адам есіне түскен кезде жеуді дереу тоқтатуы керек;
- Ұйқыдан жүніп болып ояну;
- Әйелін сүю немесе денесіне қолын тигізуі. Мұндай жағдайларда егер мәни шықпаса, ораза бұзылмайды;
- Әйеліне қолын тигізбесе де оған қараудан немесе шәһуәтін қоздыратын жағдайларды ойлап мәни шықса;
- Түнде жүніп болып, ғұсыл алуды сәресі уақытынан кейінге қалдыру;
- Аузына келген қақырықты жұту;
- Түкірік немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсенің тамаққа кетуі;
- Құлаққа су кіру, бұлық ағу;
- Темекі түтіні немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жаңбырдың тамшылары тамаққа еріксіз кірсе, ораза бұзылмайды;
- Тістердің арасында қалған тамақ қалдықтары ноқаттан кішкене болса, оны жұту оразаны бұзбайды;
- Еріксіз ауыз толы құсу немесе оның ішке қайта кетуі оразаны бұзбайды;
- Қан алдыру немесе сүлік салдыру;
- Көзге, құлаққа дәрі тамызу;
- Мисуақ немесе тіс пастасын қолдану оразаны бұзбайды. Бірақ пастасы ішке кетіп қалса бұзылады. Ең абзалы таң намазы кірмей тұрып тістерді жуу;
- Тіс жұлдыру оразаға кедергі жасамайды. Бірақ жұлдырған уақытта ауыздағы қанды яки дәріні жұтпау шарт;
- Ауыз бен мұрынға су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ тамаққа кетпеуін қадағалау қажет;
- Душқа жуыну, теңізге, көлге түсу оразаны бұзбайды. Бірақ су жұтып қоюдан сақтануы керек.

Ескерту: Білмей тамақ жеп қойған болса, оның оразасы ашылып кетпейді, яғни оразасын одан әрі жалғастырып тұта береді. Хадисте: «Кім де кім ораза екенін білместен ішіп-жеп қойса, Алла оның тамақтандырған болады» делінген.

### ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗАДЫ?

- Әдейі бір нәрсені жеп-ішу;
- Темекі шегу, насыбай ату, дәрі ішу, құрамында нәрлі заттары бар укол қабылдау;
- Аузындағы жаңбыр тамшыларын әдейі жұту; Бұл жайлы мына хадисте айтылған: «Ораза кірген нәрселерден ғана бұзылады, шыққаннан емес».
- Әйелімен жақындасу (яғни, таң намазынан ақшам намазына дейін жақындасу оразаны бұзады);
- Себепсіз қорек немесе қоректік қасиеті бар барлық заттарды біле тұра әдейілеп жеу оразаны бұзады;

Мұндай жағдайларда каффарат оразасын ұстау қажет.

(Каффарат деп — рамазан айының оразасын себепсізден-себепсіз біле тұра бұзып жіберсе, екі ай ораза ұстауды, оған шамасы келмесе алпыс кедейді тамақтандырып, тойғызуды айтады).

### ОРАЗАНЫ КІМДЕРГЕ ҰСТАМАУҒА РҰҚСАТ?

- Жолаушылық;

(сапарда ауыз бекітпеуге болады, бірақ басқа күндерде санын толтырып ораза ұстайды).

